

Байғанин аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 26 "Байғанин ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 5 наурыздағы № 43 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 наурызда № 5986 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 26.01.2021 № 10 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына және 62 бабының 6 тармағына сәйкес, Байғанин аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байғанин аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 26 "Байғанин ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5272 болып тіркелген, 2017 жылғы 18 наурызда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Байғанин аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Байғанин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Жаңабайға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байғанин ауданының әкімі

А. Шериязданов

Байғанин аудандық әкімдігінің 2019
жылғы 5 наурыздағы № 43 қаулысына
қосымша

Байғанин аудандық әкімдігінің 2017
жылғы 6 ақпандағы № 26 қаулысымен
бекітілген

Байғанин ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

р/ н №	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атаулары және әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге а й ы н а жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының ата-ана төлемақысының бір күнге мөлшері (теңге)
		Балабақша	Балабақша	Балабақша
1	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қарауылкелді бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	75	31300	300
2	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Рауан" бөбекжай-бақшасы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	75	31300	300
3	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Шаттық" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	140	31300	300
4	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Шұғыла" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	100	31300	300
5	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Жарлы" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	50	31300	300
6	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік	60		300

	мекемесінің "Жарқамыс" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны		31300	
7	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Асем и Нур" балабақшасы"	125	28063	300
8	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Талап Проект" "Аль Нұр" балабақшасы"	75	28063	300
9	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Талап Проект" "Ботақан" балабақшасы"	50	28063	300
10	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Миялы" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	30	31300	300
11	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ноғайты" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	50	31300	300
12	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Алтай" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	50	31300	300
13	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдәурен" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	50	31300	300
14	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Оймауыт" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	40	31300	300
15	Ақтөбе облысы "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ебейті" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	25	31300	300